БЕКІТЕМІН
Мектеп директорының м.а.
Харахыз Б.

**Мектептің әдістемелік жұмыс жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

Мектептің әдістемелік тақырыбы: **«Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы** оқыту мен оқу үдерісін дамыту»

**Мақсаты:** Оқыту мен оқуда жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жан-жақты дамуына жетекшілік ету арқылы білім сапасын көтеру.

**Мақсаты:**

- Мұғалімдерді жаңа бағдарламамен таныстыру.

- Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалануға дағдыландыру.

- Мұғалімдерді нәтижеге бағытталған іс-әрекетке бейімдеуге үйрету

- Мектептің педагогикалық ұжымының іс-әрекетін жаңашылдыққа бағыттауды қалыптастыру (озық тәжірибені енгізу т.б.)

**Міндеттері:** - Білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын мемлекеттік стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқаулықтарды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру;

-Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, педагогтік жекелеген бір мәселелерде қиналатын мұғалімдерге жас ерекшелігін ескере отырып, сараланған негізде ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету;

- Педагог қызметін ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау, бағалау, көмек көрсету, әдістемелік бірлестіктердегі ғылыми әдістемелік жұмыстардың жандануына педагогикалық ықпал ету, оқу-тәрбие үрдісінің деңгейін көтеруді әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету.

**Күтілетін нәтиже:**

-Оқушылардың білім сапасын көтеру

-Жаңа формат сабақтарды енгізуге біртіндеп көшу

-Мұғалімдердің көшбасшылық қабілеттерін арттыру

-Шығармашылықпен жұмыстанатын мұғалімдердің мәртебесін көтеру.

| Жұмыстың бағыты | Атқарылатын жұмыстар | Күтілетін нәтиже | мерзімі | жауапты |
|---|---|---|---|---|
| Әдістемелік отырыс I | 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту<br>2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талдау, бекіту<br>3. 2022-2023 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретінұйымдарда әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру, іске асыру. | Жылдық жұмыс жоспарының уақытылы орындалуы, нәтижеге жету.<br>2. ӘБ жетекшілерінің жұмыс жоспарларын бекіту. Іс-шараларды жүзеге асыру.<br>3. ӘБ мүшелерін таныстыру. | тамыз | Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. |
| Әдістемелік отырыс II отырыс | БМЖ курстан өткен мұғалімдердің іс-тәжірибелерімен бөлісу<br>2. Жас маманға тәлімгер бөлу.<br>3. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту-білім сапасын көтерудің басты шарты.<br>4. «Үш тілдік-білім берудің дамуының жаңаша беталысы<br>5. «Тіл апталығы» | Мұғалімдер тәжірибесін шыңдау, тәжірибе алмасу,озық тәжірибелерді тарату.<br>Оқыту сапасын және жұмыстың тиімділігін арттыру.<br><br>Оқу сапасын арттыру<br><br>Үш тілде білім беруге көшуге жұмыстану<br><br>Қортындылау | Қыркүйек, қазан | Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Әдістемелік отырыстар III | 5-8 оқыту жағдайын және білім сапасын бақылдау қортындысы<br>2. Мектепішілік олимпиада қортындысы<br>3. Эстетикалық пәндер бірлестігінің әдістемелік апталығы | Талдау жасау<br><br>Олимпиаданы сапалы өткізу<br><br>Тәжірибие алмасу | Қараша, желтоқсан | Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. |
| Әдістемелік отырыс IV | ӘБ I жартыжылдық қортындысын талдау<br>2. Педагогтардың нәтижелі технологияларының қолданылуы<br>3. Дарынды балалармен жұмыс<br>4. АӘД, дене ш/у, математика, физика, информатика, география пәндерінің апталығы | Қортындылау саралау<br><br>Іс-тәжірибе талдау<br><br>Қортындылау<br><br>Қортындылау | қаңтар | Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. |
| Әдістемелік отырыс V отырыс | Сыныптағы білім сапасын арттыру, сабақтың берілу сапасын жақсарту, зерттеу сабақтарын жүргізудің тиімділігі<br>2.Облыстық, аудандық іс-шараларға қатысу<br><br>3Химия, биология, бастауыш сыныптардың апталығы | Тәжірибе алмасу<br><br>Қортынды жасау<br><br>Қортындылау | Ақпан, наурыз | Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. |

Әдістемелік бірлестіктің хаттамалары

Әдістемелік бірлестіктің №1 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. 2022 - 2023 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшіліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

2. 2022 - 2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекіту

3. 2022 - 2023 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекіту

Тыңдалды:

Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. 2022 - 2023 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Жаңа 2022 - 2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды.

2022 - 2023 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітуге көрсетті.

Шешімі:

1. 2022 - 2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітілсін.

2. 2022 - 2023 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітілсін.

Әдістемелік бірлестіктің хаттамалары
Әдістемелік бірлестіктің №2 хаттамасы
Күн тәртібінде:

1. МБЖ курстан өткен мұғалімдердің іс-тәжірибелерімен бөлісу.
2. Жас маманға тәлімгер бөлу.
3. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту-білім сапасын көтерудің басты шарты.
4. Тіл апталығы.

Тыңдалды:

1. Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. қыркүйек-қазан айларында мектебіміздің 5 мұғалімі өз білімін жетілдіру мақсатында «Өрлеу» біліктілігін арттыру институында пәндер бойынша курстан өткенін айтты. Курстан өткен ұстаздар алған әсерлерімен бөлісті.

2. Екінші сұрақ бойынша оқу ісінің меңгерушісі Бекей Айнұр жас маман ағылшын тілінің мұғалімі Байболат Мейрамға қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Кенжебаева Зухра Қуанышбекқызын 2020 ж. 13 тамыздағы №345 бұйрығын негізге ала отырып жас маманға тәлімгер ретінде қабылдағандығы туралы айтып, түсіндіру жұмысын жүргізді.

3. Үшінші мәселе бойынша педагогтарға білім сапасын қосымша жұмыстар жүргізу, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты түрлендіріп жүргізуді ұсынды.

4. Тіл апталығы туралы гуманитарлық пәндер әдістемелік жетекшісі Хурамхаз Жимсбэк тіл апталығының жоспарымен таныстырды.

Шешімі:

1. Оқу жылының аяғына дейін ұстаздар өз пәндері бойынша өз білімін жетілдіру курсына бару.

2. Жас маманға тәлімгер тағайындалды, бұйрық шығарылды.

3. Әр пән мұғалімдері білім сапасын арттыру мақсатында жұмыс жасау. Тіл апталығында жоспар бойынша күнделікті жұмыс атқарылсын.

**№ 7 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:** 19.08.2022 жыл

**Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылына жаңа бастама»
**Мақсаты:** Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру
**Төрайымы:** Б Харахыз
**Хатшысы:** Тайбағарова.З.К
**Қатысқан педагогтардың жалпы саны: 19**
**Қатысқандар -17**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жаңа оқу жылының оқу үлгілік жылдық жоспарымен таныстыру..
2. Жалпыға білім беру стандартымен таныстыру
3.Түрлі сұрақтар

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Мектептің мектеп директорының міндетін атқарушы Б Харахыз педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы бүгінгі өтілетін пед кеңестің негізгі мақсатымен таныстырыцп өтті. .

**Бірінші мәселе бойынша** Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша мектеп директорының м.а Биылғы оқу жылылынңы өзгешелігі 36 апта оқитынымызды айтты. Жиылғы жылдың өзгешелігі 12 тамыз күні типтік оқу жоспарында қабылданды. Тамыздың 29 ында білім бағдарламасының берілетіні және ондай өзгешелік жоқ. Бағдарламада қосымша берілген екі аптаға созылған онда өткен тақырыпты қайталауға ,және үлкен сабақтар бойынша қорытындылау , толықтыру жұмыстарын жүргізуге болатын туралы айтып өтті. Осы негізгі құжаьар бойынша 1 қыркүйекте жұмысымызды бастайтынымызды айтты.

**Екінші мәселе бойынша** Жалпы мемлекеттік білім стандарты туралы да қысқөаша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне бөлінген оқу жүктемеен таныстырды. Әр ұстазда 1,5 ставкадан артық болмау керек екендігін түсіндірді.

**Үшінші мәселе бойынша** Сынып жетекшілер өз кабинеттерін 1 қыркүйек білім күніне сай етіп безендіру керек Және 1 қыркүек білім күніне сынып сағаттары дайын болуын да ескертті.

**ШЕШІМІ:** Осы аталған жұмыстарды іске асырылсын . әр ұстазға бөлінге сағатқа қарсы емес екендерін білдіріп өз қолдарын қойылсын

Педагогикалық кеңес төрайымы Б Харахыз

Хатшы Тайбагарова З.К